

ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

Туризм және мейрамхана ісі кафедрасы

**«Туризм», «Мейрамхана ісі және
қонақ үй бизнесі» ББ
түлекті курс
студенттерінің дипломалды тәжірибеден өту**

БАҒДАРЛАМАСЫ

ҚАРАҒАНДЫ – 2024

«Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» және «Туризм» мамандығының оқу бағдарламасы және КарУК-ПРВ-112-202 бакалавриат студенттерінің кәсіби тәжірибесі туралы ереже негізінде доцент, магистр Т. Н. Алексеенко

«Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі» және «Туризм» білім беру бағдарламасының жетекшісі: э.ғ.д., профессор Доскалиева Б.Б.

Бағдарлама академиялық комитетінде талқыланды

«22» мамыр 2024 ж. Хаттама № 2

Кафедра меңгерушісі

э.ғ.д., профессор



Доскалиева Б.Б.

БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ

1 Нормативтік сілтемелер	4
2 Тәжірибенің мақсаты мен міндеттері	5
3 Тәжірибе нысандары мен өткізу орындары.....	5
4 Тәжірибенің ұйымдастырылуы.....	6
5 Тәжірибенің мазмұны.....	7
6 Есеп жазу бойынша әдістемелік нұсқаулар.....	8
7 Тәжірибенің қорытындысын жасау.....	8
Қосымшалар.....	9

1 Нормативтік сілтемелер

1. 27.07.2007 ж. ҚР "Білім туралы" Заңы 5-баптың 46-11-тармақшасы (өзгерістермен және толықтырулармен).
2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы, 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 (өзгерістермен және толықтырулармен).
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен (өзгерістермен және толықтырулармен) бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы.
5. Кәсіптік стандарт: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері (профессор-оқытушылар құрамы) үшін.
6. Қазтұтынуодағы ҚарУ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидалары, 2024ж.
7. «Қонақ үй шаруашылығы», (Қосымша № 2) «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2017 жылғы 17 қаңтардағы № 3 бұйрығымен бекітілген
8. «Тамақтандыру индустриясы», (Қосымша № 1) «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2018 жылдың 22 қазандағы № 284 бұйрығымен бекітілген;
9. «Банкеттер мен конференцияларды өткізу қызметі», (№ 42 қосымша) «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы бұйрығымен № 263 бекітілген.

2 Тәжірибенің мақсаты мен міндеттері

«Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» мамандықтарының типтік оқу жоспарында, түлекті курс студенттерінің диплом жұмысын (жобаны) дайындау және жазулары үшін, дипломалды тәжірибе қарастырылған.

Дипломалды тәжірибе негізгі білім алу бағдарламасының бір бөлігі ретінде оқудың аяқтаушы кезеңі болып табылады.

Дипломалды тәжірибеде жиналған мәліметтерді студент, шығудағы біліктілік жұмысын жазуда пайдалана алады. Ол мәліметтер кәсіпорын, мекеме, ұйымдардың өндірістік және сервистік қызметтері, қызметтердің жұмыс істеу реті, енгізілген жаңашылдықтар және т.б. қатысты болады. Сонымен, дипломалды тәжірибенің **мақсаты** – диплом жұмысын (жобасын) жазуға қажетті материалдарды жинау, жүйелендіру және талдау.

Кәсіпорын базасында өтетін дипломалды тәжірибенің міндеттері:

- кәсіпорын (ұйым, мекеме), оның құрылымы және оның бөлімдерімен танысу;
- тақырыпқа сәйкес, диплом жұмысының тәжірибелік бөлімін жазуға қажетті кәсіпорынның жұмыс бағыттарымен танысу;
- дипломалды тәжірибенің есебін дайындау үшін мәліметтерді жинау, жүйелендіру, талдау;
- диплом жұмысының тәжірибелік бөлімінің мазмұнды жағын арттыру үшін мүмкіндігінше өзіндік зерттеулер жүргізу. Студент зерттеу нәтижесін кәсіпорын қызметінде қолдану ұсынысын жасай алады;
- дипломалды тәжірибе есебін дайындау және қажетті құжаттарды толтыру.

3 Тәжірибе нысандары мен өткізу орындары

Дипломалды тәжірибені өту нысаны ретінде «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» мамандықтарының бағытына сәйкес келетін және диплом жұмысын жазуға қажетті ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін кез-келген кәсіпорын (ұйым, фирма) бола алады. Ол аймақтық және жергілікті билік органдарындағы туризм басқармасы (бөлімдері), туризм аясын құрайтын кәсіпорындар, оның ішінде туроператорлар мен турфирмалар, қонақ үйлер, мейрамханалар және басқа да тамақтандыру кәсіпорындары, туристерді тасымалдаумен айналысатын көлік саласының кәсіпорындары, көңіл көтеру индустриясының кәсіпорындары және тағы басқалар болуы мүмкін. Тәжірибені өту нысаны диплом жұмысының тақырыбына сәйкес келуі абзал.

Кафедра немесе студенттің нысан-кәсіпорын әкімшілігімен келісімі болуы шарт. Осы тарапта дипломалды тәжірибені өтудегі келісім-шарт болуы тиіс.

Дипломалды тәжірибені өту мерзімі, нысаны және университет тарапынан жетекшісі ректордың бұйрығымен рәсімделеді, оған өзгеріс

енгізілмейді. Осы бұйрық негізінде студентке дипломалды тәжірибені өтуге жолдама беріледі.

Дипломалды тәжірибе бағдарламасын орындамаған немесе есепті қорғау кезінде қанағаттанарлықсыз баға алған студент, Мемлекеттік емтихандарды тапсыру және диплом жұмысын қорғауға жіберілмейді.

4 Тәжірибенің ұйымдастырылуы

Кафедра дипломалды тәжірибенің шарттарымен таныстыру, әрбір студентке диплом жұмысын орындау бойынша әдістемелік ұсыныстарды табыстауға, диплом жұмысының тақырыбын таңдауға көмек беру және ғылыми жетекшіні бекітуге міндетті.

Диплом тақырыбын таңдау, студенттің тәжірибеге жіберілу шарты болып табылады. Дипломалды тәжірибенің жетекшісі - диплом жұмысының жетекшісі ретінде кафедрамен бекітілген оқытушы.

Дипломалды тәжірибе жетекшісінің міндеттері:

- дипломалды тәжірибенің басталуы алдында қажетті дайындық жұмыстарын жүргізу мақсатымен студенттерге кеңес беру;
- студентпен бірге «диплом жұмысына тапсырманы» қарастыру;
- студенттің дипломалды тәжірибені өтуін бақылау;
- нысан-кәсіпорын (тәжірибе өту орны) жетекшілігі арқылы студентке қажетті жағдай жасау бойынша шаралар қолдану;
- дипломалды тәжірибе сұрақтары және жасалған жұмыс бойынша есеп жазуда студентке кеңес беру;

Дипломалды тәжірибені өту барысында студент міндетті:

- университет бойынша шығарылған бұйрықта көрсетілген мерзімде тәжірибені өту орнына келу және оны уақытылы аяқтау;
- кәсіпорында әрекет ететін ішкі тәртіп ережелерін және еңбек заңдылығы талаптарын мұқият сақтау;
- еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен санитария ережелерімен мұқият танысу және оны ұстану;
- тақырыпқа сәйкес, диплом жұмысының тәжірибелік бөлімін жазуға қажетті кәсіпорынның жұмыс бағыттарымен танысу;
- дипломалды тәжірибенің есебін дайындау үшін мәліметтерді жинау, жүйелендіру, талдау және қажетті құжаттарды толтыру.

Студент диплом жұмысының (жобасының) жетекшісімен бірлесе отырып, дипломалды тәжірибенің жеке бағдарламасын өңдейді, ол «Диплом жұмысына тапсырмада» сипатталады (1-қосымша).

Сырттай-қашықтықты технологиялары бойынша білім алушы студенттер де, дипломдық жұмыс жазуға қажетті материалдарды жинақтау, нақты кәсіпорын базасында таңдаған мамандығы бойынша жұмыс істеу ерекшелігімен танысу мүмкіндігін беру үшін дипломалды тәжірибеге жіберіледі.

«Туризм және мейрамхана ісі» кафедрасынан студент қажетті құжаттамаларды алады:

Ф.МИ-115-04 - тәжірибеге жолдама

Ф.МИ-115-08 – тәжірибе бойынша есептің тапсырмалары
Құжаттардың нысандары веб-сайтта ұсынылған: : <https://www.keu.kz/ru/>.
Бөлім - Жұмыспен қамту, Практика.

Тәжірибенің басталу және аяқталу күндері оқу процесінің кестесінде көрсетіледі.

Ережелерде қарастырылған жағдайларға сәйкес, диплом жазудан босатылған студенттер, сәйкесінше дипломалды тәжірибені өтуден босатылады.

5 Тәжірибенің мазмұны

Дипломалды тәжірибе өтетін кәсіпорын (ұйым, фирма), студентті жұмыс жасауға қажетті орын және тәжірибе есебін жазуға қажетті материалдармен қамтамасыз етеді. Кәсіпорын басшысы білікті мамандар арасынан дипломалды тәжірибе жетекшісін бекітеді.

Егер диплом жұмысының тақырыбы туристік фирмаға қатысты болса, онда дипломалды тәжірибе мазмұны шамамен келесілерді қамтуы қажет:

1. Туристік кәсіпорынның жалпы сипаттамасы:

- Туристік кәсіпорын қызметінің ұйымдық-құқықтық негіздері (заңды статусы, атауы, мекен-жайы, меншік формасы, қызметін реттейтін негізгі заңды және нормативті құжаттары және т.с.с.)
- Кәсіпорын миссиясы мен алдындағы міндеттері;
- Ұйымдық басқару құрылымы (басқарылу кескіні, бөлімдері, олардың арасындағы байланыс);
- Кадрлар, қолданыстағы кадрлық саясат, қызметкерлердің міндеттері мен оларды ынталандыру әдістері, еңбек ақы төлеу жүйесі және т.б.

2. Туристік кәсіпорын қызметі:

- Қызмет бағыттары (негізгі және қосымша қызметтер, клиентурасы, оның ішінде Қазақстандық және шетелдік клинетурамен жұмыс жасауы, индустрияның басқа кәсіпорындарымен байланысы және т.б.);
- Соңғы 2-3 жылдағы шаруашылық қызмет көрсеткіштері (кәсіпорынның экономикалық әлеуеті, қызмет тиімділігі, қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері);
- Турфирманың нарықтағы жайғасымы (ұсынылатын өнімі, нарықтағы үлесі, бәсекелестері және оларға қатысты стратегиясы).

3. Туристік кәсіпорынның өнімі:

- Фирманың маркетингтік қызметті ұйымдастыру жүйесі;
- Фирманың өніммен жұмыс жасауы (турөнімді қалыптастыру және өткізу, түрлі туристік маршруттарды ұйымдастыру, экскурсиялар географиясы және т.б.);
- Соңғы 2-3 жылдағы өнім саясатындағы өзгерістер;
- Турөнім төңірегіндегі жаңашылдық келістер;
- Турфирманың баға саясаты, қолданылатын баға белгілеу әдістері;
- Турөнім мысалында өзіндік құн калькуляциясын құру;
- Туристік өнімді жылжыту саясаты және оны жүзеге асырудағы

қолданылатын әдістер;

- Турөнімді ұсынуудағы сапа мен қауіпсіздік сұрақтары;
- Фирмадағы маркетингтік ақпарат жүйесі (мәліметтерді алу әдістері, зерттеу әдістері)
- Нарықты сегменттеу, жеке сегменттермен жұмыс жасау;
- Кәсіпорынның жарнамалық қызметі (жарнама түрі, тарату көздері мен әдістері, бюджеті, тиімділігі).

Диплом жұмысының тақырыбына сәйкес, студент жоғарыда ұсынылған мысалды бағыттардың бірін тереңдеп зерттей алады. Алынған мәліметтерді студент жүйелендіріп, олардың негізінде сараптамалық кесте мен кескіндер жасап, дұрыс рәсімдей алуы керек

6 Есеп жазу бойынша әдістемелік нұсқаулар

Есепте диплом алды тәжірибеде барысында жиналған деректік материалдары көрсетіледі.

Дипломалды тәжірибе бойынша есеп, диплом жұмысының тақырыбына сәйкес, жеке тапсырмаларды ескере, А4 форматтағы 5-10 басылым бетте (қосымшасыз) орындалуы тиіс. Дипломалды тәжірибені өту туралы есептің құрамына кіретіні:

1. Дипломалды тәжірибені өтуге жолдама.
2. Диплом жұмысына (жобаға) тапсырма.
3. Дипломалды тәжірибе бойынша жазбаша есептің сырт парағы.
4. Мазмұнды бөлігі.

Бастапқы екеуін дайын бланкіде қолмен толтыруға рұқсат етіледі. Ал мазмұнды бөлігі А4 форматтағы ақ қағаздың бір жақ бетінде 1интервалмен басылым әдіспен орындалады. Шрифт – Times New Roman, кегль -14. Жуан шрифт немесе курсив, астын сызумен мәтінді бөліп көрсетуге болмайды.

Есептің мәтінін басуда беттің келесідей өлшемін ұстану қажет: сол жағы – 30 мм, оң жағы – 10 мм, жоғарғы жағы -20 мм, төменгі жағы – 25 мм.

Бекітілген мерзімде есеп кафедра хатшысына тапсырылуы қажет, онда тапсырған күні тіркеледі.

Иллюстрациялар (кескін, сызбалар, фотолар және басқалары) сурет деп аталады және олардың атауы болуы қажет. Суреттер араб санымен барлық мәтін бойынша кезекпен нөмірленеді. «Сурет» сөзі және оның атауы иллюстрация астынан, жолдың ортасына орналастырылады.

7 Тәжірибенің қорытындысын жасау

Студент дипломалды тәжірибенің қорытындысы бойынша кафедраға есеп ұсынады. Тәжірибе аяқталғаннан соң 5 күн мерзім ішінде студент тәжірибе жетекшісіне тәжірибеден өту бойынша есебін ұсынады.

Тәжірибенің қорытындысы туризм және мейрамхана ісі кафедрасы ұйымдастырған диплом жұмысын алдын ала қорғауы кезінде жасалады. Есептің қорғалуы балды-рейтингтік әріптік жүйемен бағаланады.

1- Қосымша. Диплом жұмысына тапсырма

ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

Факультет _____ Кафедра _____

Мамандығы: _____

БЕКІТЕМІН

Туризм және мейрамхана

ісі кафедрасының меңгерушісі

э.ғ.д., профессор Доскалиева Б.Б.

« ____ » _____ 2022ж

ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫНА ТАПСЫРМА

Студент

(тегі, аты-жөні)

1. Жұмыстың тақырыбы _____

_____ ж. « ____ » _____ № _____ университет

бұйырығымен бекітілді

2. Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі _____

3. Жұмысқа пайдаланылған негізгі мәліметтер

4. Диплом жұмысында зерттеуге жататын сұрақтар тізімі немесе дипломдық жұмыстың қысқаша мазмұны

а) _____

б) _____

в) _____

5. Ұсынылатын негізгі әдебиет:

Қосымша 2 – дипломалды тәжірибесі бойынша есептің мұқаба беті

ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

**Дипломалды тәжірибесінен өту
ЕСЕБІ**

Студент _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

Тәжірибені өту орны _____

Тәжірибенің басталуы _____

Тәжірибенің аяқталуы _____

Есеп университет атынан тәжірибе жетекшісімен қарастырылды

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, атағы)

Есеп қорғалды _____
(бағасы)

Тәжірибе жетекшісінің бағасы _____
(баға)

Қорытынды баға _____
(баға)

Комиссия _____
(тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

« ____ » _____ 20 ж.